



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 19 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ  
2008 ЖЫЛҒЫ 16 МАМЫР  
Халықаралық резервтер және  
ақша базасы туралы

**1. Халықаралық резервтер және ақша базасы.** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2008 жылғы 15 мамырда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен <sup>1</sup>
<b>Таза халықаралық резервтер, млн.долл.</b>	<b>20 965,2</b>	<b>20 889,8</b>
оның ішінде:		
ЕАВ таза активтер <sup>2</sup>	19 078,1	19 078,1
Алтын	1 887,1	1 811,7
<b>Ақша базасы, млрд. теңге</b>	<b>1 678,6</b>	<b>1 678,6</b>
Тар ақша базасы <sup>3</sup> , млрд. теңге	1 599,1	1 599,1
ҚРҰБ-дегі ЕДБ-дің мерзімді депозиттері <sup>4</sup> , млрд. теңге	79,48	79,48
KZT/USD (кезең аяғында)	120,57	120,30
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	863,00	828,50

*1 2007 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген.*

*2 ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық*

*3 Тар ақша базасы – ҚРҰБ-дегі ЕДБ-дің мерзімді депозиттері ескерілмеген ақша базасы*

*4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктар*

2008 жылғы мамырдың бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері ұлғайды.

Ағымдағы бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 1,2% (немесе 244,3 млн. долл.) өсті.

Ішкі валюта нарығында валюта сатып алу, Ұлттық Банктегі Үкіметтің шоттарына валютаның түсі Укіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялармен, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктардің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтарының төмендеуімен бейтараптандырылды.

Нәтижесінде, таза валюта қорлары (ЕАВ) 237,3 млн. долл. ұлғайды, жүргізілген операциялар және алтынның әлемдік нарықтарда бағасының 0,5% төмендеуі нәтижесінде алтынмен активтер 7,0 млн. долл. өсті.

Елдің халықаралық резервтері тұластай алғанда (ағымдағы бағамен), Ұлттық қордың ақшасын (алдын ала деректер бойынша 23 680,7 млн. долл.) қоса алғанда 44 653,7 млн. долл. болды. Откен айға қарағанда өсу 1,4% болды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің 2008 жылғы мамырдың бірінші жартысында ұлғаюы ақша базасының 9,4% (немесе 144,4 млрд. теңгеге) кеңеюіне себепші болды.